

Шаттық-2026



Сохраняя традиции, создаём будущее

**Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық -2026»
қалалық шығармашылық байқауын
өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің
ҚҰРАМЫ**

№	ТАӘ	Қызметі
1	Қаирбаева Маржангүл Жамбылқызы	Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары, ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары
2	Иманжан Султан Ержанович	Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөлімі басшысы
3	Джапарова Алмагуль Борисовна	Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының директоры
4	Кушибаева Раушан Ганиевна	Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайының директоры
5	Калиева Жанар Сериковна	№1 балалар музыка мектебінің директоры
6	Камзина Гульнур Аманжоловна	№2 балалар музыка мектебі директорының м.а.
7	Жангелді Гүлмира Жангелдіқызы	№3 балалар музыка мектебінің директоры
8	Сүлеймен Алмас Бақытқалиұлы	№ 1 өнер мектебінің директоры
9	Дүйсен Назгүл Жетпісбайқызы	№ 2 өнер мектебінің директоры
10	Бадриденова Рәйсә Маратқызы	Балалар көркемсурет мектебінің директоры
11	Чарахметов Қанағат Маратович	Техникалық және көркем шығармашылық орталығының директоры

ЖАНРЛАР БОЙЫНША ӨТКІЗІЛЕТІН ОРЫНДАР

Жанр	Өтетін орны	Жауапты хатшылар	Өткізу күні	Ұйымдастыру комитеті
<u>Аспаптық / соло</u>	№3 БММ (Бейсекбаев көшесі, 3/1)	Ахметова Айымгуль Сунгатовна т. 65-12-41	2 сәуір 3 сәуір	Жангелді Гүлмира Жангелдіқызы
<u>Аспаптық / ансамбль</u>	Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы (Б. Момышұлы даңғылы 5)	Чаяхметова Макпал Касибековна т. 52-00-37	2 сәуір	Сүлеймен Алмас Бақытқалиұлы
<u>Вокал/соло</u>	№1 БММ (Желтоқсан к-сі, 36)	Оралбаева Жанар Шерхановна т. 31-43-86	2 сәуір 3 сәуір	Калиева Жанар Сериқовна
<u>Вокал/ансамбль</u>	Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы (Б. Момышұлы даңғылы 5)	Оспанова Гульзира Бауыржановна т. 91-84-83	2 сәуір	Кушибаева Раушан Ганиевна
<u>Хор</u>	М.Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы (Ө. Мәмбетов көш.,1)	Камзина Гульнур Аманжоловна т. 21-70-73	6 сәуір	Камзина Гульнур Аманжоловна
<u>Хореография</u>	М.Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы (Ө. Мәмбетов көш.,1)	Айтжанова Ольга Александровна т. 32-49-89	7-8 сәуір	Джапарова Алмагуль Борисовна
<u>Бейнелеу өнері</u>	Балалар көркемсурет мектебі, (№ 18 ОМ) (.Бөгенбай батыр даңғылы, 17)	Исенова Гульзия Жагипаровна т. 98 55 71	2 сәуір	Бадриденова Рәйсә Маратқызы
<u>Фотография</u>	Теміржолшылар кенті Ж.Жабаев көшесі, 14 «Білім парк»	Алтынбаева Эльмира Букенбаевна 8 708 017 90 25	2 сәуір	Чарахметов Қанағат Маратович
<u>Театр (8-11 жас)</u>	«TANYM» көпфункционалды кешені	Жумабаева Гулшат Дуйсенбаевна р.т. 26-62-47	3 сәуір	Дүйсен Назгүл Жетпісбайқызы
<u>Театр (12-14 жас; 15 жас және одан жоғары)</u>	«TANYM» көпфункционалды кешені	Жумабаева Гулшат Дуйсенбаевна р.т. 26-62-47	2 сәуір	Дүйсен Назгүл Жетпісбайқызы

**Астана қаласының білім беру ұйымдарының
балалар мен жасөспірімдер арасында «Шаттық-2026»
XIX қалалық шығармашылық байқауын
ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2026» XIX қалалық шығармашылық байқауын (бұдан әрі — Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін анықтау және дамыту, оларда авторлық ойлауды, импровизация дағдыларын, жобалық қызметті қалыптастыру, сондай-ақ заманауи шығармашылықтың ажырамас бөлігі ретінде цифрлық құралдар мен жасанды интеллект (ЖИ) элементтерін меңгеру мақсатында өткізіледі.

1.3. Байқау тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру аясында, «Адал азамат» бағдарламасын, «Заң және тәртіп» идеологиясын, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын, тәрбиелеу мәселелері бойынша Ұлттық құрылтайдың басымдықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына және Цифрландыру және жасанды интеллект жылына арналған іс-шараларды ескере отырып өткізіледі.

1.4. Байқау

- қатысушыларды мәдени және рухани құндылықтарға баулуға;
- азаматтық жауапкершілікті, заңға, елдің дәстүрлері мен тарихына құрмет сезімін тәрбиелеуге;
- цифрлық технологияларды саналы түрде пайдалану мәдениетін қалыптастыруға бағытталады.

1.5. Цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті пайдалану барлық номинациялар бойынша міндетті болып табылады, ол шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейту ретінде қарастырылады, алайда қатысушылардың **жеке қатысуы мен авторлық жауапкершілігін алмастырмайды.**

1.6. Байқау ұйымдастырушысы – Астана қаласы Білім басқармасы.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқау мақсаты:

Дарынды балалар мен жасөспірімдерді анықтау және қолдау, олардың жеке қабілеттерін ашу, сондай-ақ көркемдік шеберлікті, авторлық көзқарасты және цифрлық технологияларды ұштастыру негізінде заманауи балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын дамыту үшін бірыңғай шығармашылық кеңістік құру.

2.2. Байқау міндеттері:

- дарынды балаларды, жасөспірімдерді және шығармашылық ұжымдарды анықтау және қолдау;
- көркем шығармашылықтың әралуан түрлеріне және заманауи өнер формаларына қызығушылықты дамыту;
- рухани-адамгершілік және азаматтық құндылықтарды, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру;
- қатысушыларды ұлттық мәдени мұраға баулу;
- шығармашылық бастаманы, өзін-өзі таныту мен жобалық ойлауды ынталандыру;
- авторлық контент жасау дағдыларын және импровизация мәдениетін дамыту;
- білім беру және шығармашылық үдерісіне цифрлық және ЖИ құралдарын енгізу;
- заманауи креативті практикалар саласында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Байқауға Астана қаласы білім беру ұйымдарының 7–15 жас және одан жоғары жастағы білім алушылары жеке және ұжымдық түрде (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер) қатыса алады.

3.2. Жас мөлшері Байқау өткізілетін сәттегі жағдай бойынша (2026 жыл) анықталады.

3.3. Әрбір қатысушы немесе шығармашылық ұжым тек бір ғана номинация бойынша қатыса алады.

3.4. Қатысушылардың міндеттері:

- Байқау ережелерін сақтау;
- дайындық және байқау кезінде концерт залының жабдықтарына ұқыпты қарау;
- мүлікке зиян келтірілген жағдайда шығынды өтеу.

4. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МЕН ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУ

4.1. Барлық номинациялар бойынша цифрлық құралдар мен жасанды интеллект элементтерін пайдалану міндетті болып табылады.

4.2. Жасанды интеллектті қолданудың форматы, тәсілдері мен қолдану деңгейі қатысушының өзі тарапынан айқындалады және көркемдік идеямен логикалық түрде байланыстырылуы қажет.

4.3. Жасанды интеллектті пайдалану байқау жұмысының Төлқұжатында (5-бөлімді қараңыз) көрсетіледі.

5. БАЙҚАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

5.1. Байқауға жұмыстар Төлқұжатпен бірге ұсынылады.

5.2. Төлқұжат келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

Идеяны және көркемдік мазмұнын сипаттау	Қолданылған цифрлық және ЖИ құралдарының тізімі	Жұмысты жасау үдерісінде ЖИ-дің рөлін сипаттау	Қатысушының авторлық үлесін сипаттау

5.3. Құжаттың болмауы жұмыстың байқауға қатысуына жол бермеу негізі болып табылады.

6. БАҒЫТЫ, НОМИНАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЖАНР

6.1. Музыкалық өнер:

- **Асапапен орындау (соло и ансамблдер):** Авторлық композиция, ЖИ қолдану, жанды дауыспен орындау міндетті.
- **Вокал (соло и ансамблдер):** авторлық ән және композиция, ЖИ қолдану міндетті, академиялық орындау рұқсат етілмейді.
- **Хор өнері:** Орындау тұтас жоба ретінде жүргізіледі, ЖИ концепцияны, көрнекі бейнелеу және аранжировканы жасау үшін қолданылады.

6.2. Хореография

- Авторлық би қойылымы, ЖИ концепцияны, көрнекі немесе атмосфералық сүйемелдеуді жасау үшін міндетті түрде қолданылады.

6.3. Театр

- Авторлық қойылымдар (драма, комедия, мюзикл, әдеби-музыкалық композициялар), ЖИ сценарий, сценография, көрнекі немесе дыбыстық сүйемелдеу үшін қолданылады.

6.4. Бейнелеу өнері:

- Негізгі жұмыс өз бетінше орындалады, ЖИ анимация жасау немесе цифрлық интерпретация үшін қолданылады.

6.5. Фотография және бейнелік шығармашылық

- Жұмыс авторлық фотоматериалға негізделеді, ЖИ көркем өңдеу үшін қолданылады, толық жасанды түрде генерацияланған суреттерге рұқсат берілмейді.

7. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ

7.1. Байқауды өткізу кезеңдері:

• Ұйымдастыру-дайындық:

- ✓ Құжаттарды қабылдау: **12 наурыз 2026 ж., сағ. 10:00–14:00;**
- ✓ Қатысушыларға жеребе өткізу;
- ✓ Өтетін орны: М. Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының фойесі (Ә.

Мәмбетов көшесі, 1)

• **Қалалық кезең:** 2026 жылдың 2-7 сәуір аралығы жанр бойынша байқау шаралары;

• **Гала-концерт және марапаттау:** 2026 жылдың 11-19 сәуірі дайындық, 20-21 сәуірі Гала-концерт.

7.2. Қатысушылар құжаттар пакетін жеке өзі ұсынады, оған мыналар кіреді:

Құжаттар пакетіне енеді:

1. **Жалпы өтінім** (мөрмен және ұйым басшысының қолымен расталған екі данада). Өтінім формасына 1-ҚОСЫМША қоса беріледі;
2. **Әрбір жанр бойынша жеке өтінімдер** (ұйымның мөрімен және басшысының қолымен расталған екі данада) 2-ҚОСЫМША;
3. **Байқау жұмысының Төлқұжаты** (3 қосымша)
4. **Байқауға қатысушылардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері** (жеке орындау санаттарында) немесе қатысушылардың жеке басын, қатысушылардың жасын, сыныбын растайтын құжаттардың нөмірі көрсетілген қатысушылардың тізімі («ансамбльдер» санаты үшін). Қатысушылардың тізімін («ансамбльдер» санаты үшін) ресми құжаттың дұрыстығын растай отырып, білім беру ұйымының бірінші басшысы қатаң куәландыруы тиіс. **Қатысушының жасы байқау өткізу сәтіне байланысты (2026 жылғы сәуір айы) ескеріледі.**
5. Алдыңғы «Шаттық-2025» байқауында жеке орындау және ұжымдық орындау (ансамбльдер, оркестрлер, хор ұжымдары) бойынша Алтын жүлде иегерлері ағымдағы жылғы «Шаттық-2026» байқауына қатыса алмайды. «Ансамбль, оркестр» номинациясы бойынша қатысушылар құрамы 70% өзгерген жағдайда, «Шаттық-2025» байқауының алтын жүлде иегерлері әр жанр бойынша ұйымдастыру комитетінің жеке шешімімен ғана қатысуға жіберіледі.
6. **Қатысушылардың (жеке) немесе педагогтердің Т.А.Ә деректері толық көрсету қажет,** өйткені марапаттау құжаттарын____(дипломдарды, сертификаттарды) ұйымдастыру комитеті білім беру ұйымының өтініміне сәйкес қатаң түрде толтырады.

ЕСКЕРТУ!

Әр нөмірге арналған фонограмма жеке USB тасымалдағышқа жазылып, (міндетті түрде нөмірдің атауы, жетекшінің аты-жөні, ұйымның атауы міндетті түрде жазылуы тиіс) байқауға бір күн қалғанда кешіктірмей дыбыс операторына тапсырылуы керек.

7.3. Өткізу форматы — күндізгі, ұйымдастыру комитеті анықтайды.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

8.1. Байқау өнерін кәсіби қазылар алқасы бағалайды.

8.2. Бағалау критерийлері:

- авторлық идея және түпнұсқалығы;
- көркемдік және орындау шеберлігі;
- ЖИ сапалы пайдалануы;
- жобаның біртұтастылығы және номинацияға сәйкестігі.

8.3. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

8.4. Қазылар алқасының шешімі бойынша жүлделерді санаттар арасында ауыстыру мүмкіндігі қарастырылады.

8.5. Байқау нәтижелері жарияланғаннан кейін қазылар алқасы мүшелері мен ұжым жетекшілерінің қатысуымен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылады.

8.6. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

8.7. Марапаттау рәсімі барлық санаттар бойынша (алтын, күміс, қола жүлде иегерлері және дипломанттар) байқаулар өтетін орындарда өткізіледі.

9. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

9.1. Қазылар алқасы әрбір орындауды номинациялар бойынша бағалайды және орындауды тоқтату құқығына ие.

9.2. Номинациялар бойынша байқаудың қазылар құрамына: шығармашылық бағыттарының жетекші мамандары, арнайы оқу орындарының оқытушылары, Астана қаласының балалар мен жасөспірімдер ұжымдарының жетекшілері, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен креативті индустрия саласындағы сарапшылар кіреді.

9.3. Қазылар алқасының төрағасы барлық мүшелердің келісімі бойынша таңдалады.

9.4. Қазылар алқасы бағалау жүйесін және ережелерді бұзғаны үшін айып ұпайларын анықтайды.

9.5. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады, даулы мәселелерді ұйымдастыру комитеті шешеді.

10. ҚОРЫТЫНДЫ

10.1. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

10.2. Байқауға қатысу Ереженің шарттарымен келісім білдіруді білдіреді.

10.3. Ұйымдастырушылар байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

КОСЫМША 1

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2026» қалалық шығармашылық байқауына қатысуға

ЖАЛПЫ ӨТІНІМНІҢ ҮЛГІСІ

Білім беру ұйымдары (мектептің/колледждің толық атауы)

№	Жанр	Номинация	ЖИ қолдану (не үшін және қандай ЖИ қолданды)	Қатысушылар саны	Жас санаты	Көркемдік жетекшінің Т.А.Ә	Шығармашылық жетекшінің байланыс телефондары (ұялы телефоны)

МО

Директордың Т.А.Ә

Директордың тәрбие жұмысы бойынша жауапты орынбасарының Т.А.Ә., байланыс телефоны (ұялы)

ҚОСЫМША 2

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2026» қалалық
шығармашылық байқауының

ЖАНРЫ БОЙЫНША ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

Білім беру ұйымдары (мектептің/колледждің толық атауы)

№	Жанр	Номинация	Орындаушының Т.А.Ә, (толық) немесе ұжымның атауы	Жас санаты	Бағдарлама	ЖИ қолдану (не үшін және қандай ЖИ қолданды)	Жетекші (Т.А.Ә ҚАТАҢ ТҮРДЕ жеке басын қуәландыратын құжатқа сәйкес толық көрсету)	Жетекшінің байланыс телефондар ы (ұялы телефоны)

МО

Директордың Т.А.Ә

*Директордың тәрбие жұмысы бойынша жауапты орынбасарының Т.А.Ә., байланыс
телефоны (ұялы)*

ҚОСЫМША 3

БАЙҚАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТ ҮЛГІСІ

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы «Шаттық-2026» қалалық
шығармашылық байқауының

ЖАНРЫ БОЙЫНША ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

Білім беру ұйымдары (мектептің/колледждің толық атауы)

Идеяны және көркемдік мазмұнын сипаттау	Қолданылған цифрлық және ЖИ құралдарының тізімі	Жұмысты жасау үдерісінде ЖИ- дің рөлін сипаттау	Қатысушының авторлық үлесін сипаттау

МО

Директордың Т.А.Ә

Директордың тәрбие жұмысы бойынша жауапты орынбасарының Т.А.Ә., байланыс телефоны (ұялы)

«Шаттық-2026» балалар мен жасөспірімдер арасындағы қалалық шығармашылық байқауының бағдарламалық талаптары

Қатысушыларға дайындық жасауға уақыт берілмейді. Барлық шығармалар жатқа орындалады. Барлық номинациялар бойынша байқаулар ашық түрде өткізіледі. Бағдарлама толық немесе жартылай орындау қазылар алқасының шешімі бойынша жүргізіледі. Бағдарламалық талаптарға сәйкес келмейтін орындаулар мен жұмыстар қазылар алқасы тарапынан бағаланбайды. Ұйымдастырушылар бағдарламалық талаптарға өзгерістер енгізу құқығын өздерінде қалдырады.

**АСПАПТЫҚ ЖАНР
(Жеке орындау)**

Жаупты хатшы: Ахметова Айымгуль Сунгатовна — Ермек Серкебаев атындағы №3 балалар музыка мектебінің тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары. Тел.: +7 775 162 75 75

Өтетін орны: Е.Серкебаев атындағы №3 БММ, Бейсекбаев көшесі, 3/1

Өткізу күндері: 2026 жылғы 2 сәуір — Соло (классикалық аспаптар)
2026 жылғы 3 сәуір — Соло (халық аспаптары)

Номинация	Жас санаты	Қатысу шарттары	Талаптар	Бағалау критерийлері
Соло (Жеке) Халық аспаптары	8-9 10-12 13-15 16 жас және одан жоғары	Әр мектептен бір ғана қатысушыға рұқсат етіледі;	1.Қатысушы таңдау бойынша бір музыкалық шығарманы орындайды, орындау ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс; 2.Аспаптық сүйемелдеу қолдануға рұқсат етіледі; 3.Аспаптық аккомпанементтің орнына жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы әзірленген фонограмма («минус») пайдалануға болады, бұл ретте музыкалық аспапта жанды орындау міндетті болып табылады. Сондай-ақ жасанды интеллект технологияларын қолдана	Орындаушылық шеберлік; сахналық пен мәдениет пен артистизм; шығарманың мазмұны мен мінезін көрерменге жеткізе білу; репертуардың жас ерекшелігі мен конкурс талаптарына сәйкестігі.
Соло (Жеке) Классикалық аспаптар	8-9 10-12 13-15 16 жас және одан жоғары			

			отырып дайындалған авторлық шығармаға рұқсат етіледі	
Сипаттама		Жасанды интеллект технологияларын қолдану		Ұсынылатын жасанды интеллект құралдары:
Аталған бағытта авторлық шығарма немесе шығарманың өзіндік интерпретациясы құпталады. Сонымен қатар, музыкалық аспапта жанды орындау — конкурса қатысудың міндетті шарты болып табылады.		- Жанды орындауға арналған бірегей аранжировка (фонограмма «минус») жасау, бұл орындаушыға виртуалды оркестр сүйемелдеуімен немесе заманауи цифрлық стильде өнер көрсетуге мүмкіндік береді; - Қысқа авторлық әуен негізінде музыкалық шығарманың құрылымын генерациялау арқылы оны күрделі, толыққанды туындыға айналдыру; - Жанды аспаппен өзара әрекеттесетін цифрлық аккомпанемент әзірлеу, нәтижесінде адам мен технология арасындағы шығармашылық диалог әсерін қалыптастыру.		Suno AI, Udio — фондық тректер мен стильдік негіздер жасауға; AIVA — классикалық және академиялық музыкалық құрылымдармен жұмыс істеуге; BandLab SongStarter — жаңа гармониялар мен ырғақтарды іздеуге арналған.

АСПАП ЖАНРЫ
(АНСАМБЛЬДЕР САНАТЫ)

Жауапты хатшы: Чаяхметова Макпал Касибековна, Астана қаласы әкімдігінің «Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебі» ШЖҚ МКК - директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,

Байланыс нөмірі: 65-37-10

Өткізілу орны: Оқушылар сарайы. әл-Фараби (Б. Момышұлы даңғылы 5)

Өткізілу уақыты: 2 апреля 2026 г.

Номинация	Жас ерекшелігі	Ансамбль құрамы	Талаптар	Бағалау критерий
Халық ансамблі: біртекес домбырашылар, қобызшылар, жетігеншілер т.б.	8-11	Кіші ансамбль толық қосқанда 9 адамға дейін (дуэт, трио, квартет, квинтет т.б.)	Бір білім беру мекемесінен бір ғана ұжым қатысуға рұқсат етіледі (Барлық номинациялар мен жас ерекшеліктерін қоса алғанда).	Орындау мәдениеті және аспапты шебер меңгеру, репертуарды таңдай білуі және күрделілігі, музыкалық шығарманың көркемділігі, әртістік қабілет, сахналық киім
Фольклорлық ансамблі: аралас халық аспаптары	12-14			
Аспапты ансамбль: гитара, флейта, гобой, скрипка т.б.	15 жас және жоғары	Үлкен ансамбль - адам саны толық қосқанда 10-15	Таңдау бойынша 5 минуттан аспайтын 1 шығарма орындау керек. Аспап аккомпанементі рұқсат етіледі. Фонограммаға (- минус) рұқсат жоқ.	Үлкен ансамбльге бір иллюстратор рұқсат етіледі.
Эстрадалық ансамбль: барлық аралас түрлері				

ВОКАЛ ЖАНРЫ (ЖЕКЕ ОРЫНДАУ)

Жауапты хатшы: Оралбаева Жанар Шерханқызы – №1 БММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тел. 31-43-86

Өткізілу орны: МКҚК «№1 балалар музыка мектебі», Желтоқсан к-сі, 36

Өткізілу уақыты: 2-3.04.2026 ж.

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийі
Жеке орындаушы	Жеке орындаушылар. Таңдауы бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары.	
1. Дәстүрлі ән салу	<u>Бір ән</u> Дәстүрлі ән – өзінің аспап сүйемелдеуі бойынша (халық композиторларының әні және халық әні)	Вокалдық ерекшеліктері: дауыс диапазоны, стильге сәйкестігі, күрделілік деңгейі ерекшелігі.
2. Эстрадалық ән	Эстрадалық ән –фонограмма (-1) және әнге бейне Fleshcard бойынша Алдын ала беріледі) Міндетті түрде! Кіші топ -балалар және эстрадалық ән (балалық шақ, достық, Отан, арман туралы әндер) Орта топ –қазіргі эстардалық әндер, лирикалық, патриоттық (ЖИ қолдану арқылы жазылған авторлық әндер, арман, өмірлік, өмірлік жол таңдау туралы әндер) Жоғары топ – кез келген жанрдағы эстрадалқ әндер (поп,джаз,соул т.б.) заманауи эстардалық, ЖИ қолдану арқылы жазылған авторлық әндер	Әртістік ерекшеліктері: презентация, көрермендермен байланыс орнатуы, шығарманы жеткізу шеберлігі, жас ерекшелігіне сәйкестігі, орындау шеберлігінің ерекшелігі, жеке стиль мен сахналық орындау, репертуар сахналық этика нормаларына сай болуы тиіс. Өтініште ұсынылған номинация бойынша орындау мәнерін сақтау қажет (дәстүрлі, эстрадалық, академиялық) Таңдалған репертуар қатысушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс!!!
3. Академиялық ән	Академиялық ән – (классикалық ән) – фортепианоның сүйемелдеуімен немесе a capella орындалады. Әр білім беру ұйымынан «Дәстүрлі	

	ән», «Эстрадалық ән» немесе «Академиялық ән» номинациялары бойынша тек екі өтініш қабылданады. Байқауға тек жетекшілер қатыса алады, ата-аналар әлеуметтік желі Instagram 1_dmsh парақшасында тікелей эфир арқылы балалар өнерін тамашалай алады.	
Сипаттама	ЖИ қолдану талаптары	Ұсынылатын ЖИ құралдары
Қатысушы ЖИ арқылы авторлық әнді ұсынады, бұл жерде вокал тірі дауыста орындалады, ал халықтық және академиялық ән айту мәнері бұл цифрлық номинацияда қарастырылмайды.	1.«Жеке вокал» номинациясында жасанды интеллект технологияларын конкурстық номерді дайындау кезеңінде қолдануға рұқсат етіледі және қолдау көрсетіледі. 2.Жасанды интеллект келесі бағыттарда қолданылуы мүмкін: - орындаушының жас ерекшелігі мен вокалдық мүмкіндіктерін ескере отырып репертуарды таңдау; - вокалдық орындауды талдау (интонация, тыныс алу, дикция); - аспаптық фонограмма (минусовка) жасау немесе өңдеу (бэк-вокалсыз); - сахналық образды таңдау (костюм, түстік шешім); - визуалдық сүйемелдеу жасау (фон, проекция, бейне). 3.Вокалдық партия тек қана тірі дауыспен орындалуы тиіс. Автотюнды, синтетикалық дауысты, ЖИ арқылы вокалды генерациялау немесе ауыстыру қатаң түрде тыйым салынады. 4.Жасанды интеллектіні қолдану орындаушының шығармашылық қатысуын алмастырмай, көркемдік образды күшейтетін қосымша құрал ретінде пайдаланылуы тиіс. 5.Қатысушы (немесе жетекші педагог) өтінімде жасанды интеллектінің қолданылғаны туралы қысқаша мәлімет көрсетеді	1.Ән мәтінімен жұмыс істеу үшін ChatGPT немесе Claude. 2.Аспаптық негізді (минусовканы) жасау үшін Suno AI.

ВОКАЛДЫҚ ЖАНР (АНСАМБЛЬДЕР)

Жауапты хатшы: Оспанова Гүлзира Бауыржанқызы, 918483

Өтетін орны: Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы, Б. Момышұлы көшесі, 5

Өтетін күні: 2.04. 2026 ж.

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийлері
Ансамбль, дуэт, трио, квартет	Жас ерекшелік санаттары (таңдау бойынша): 8–11 жас, 12–14 жас, 15 жас және одан жоғары. Ансамбль құрамы: 6–16 адам. Орындалатын шығарма саны: — 1 (бір) шығарма 1. «Халық әні» номинациясы Ұлттық аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын халық әні (қатысушылар өздері орындайды, жетекшінің қатысуына жол берілмейді). Орындау тек тірі дауыспен, фонограммасыз жүзеге асырылады 2. «Эстрадалық ән айту» номинациясы Фонограмма тек (-1) Fleshcard форматында қабылданады. Бір білім беру ұйымынан бір номинация аясында тек бір ғана жас санаты бойынша қатысуға рұқсат етіледі. Таңдалған номинацияға қарамастан, өтінім бір ғана жас санаты бойынша беріледі.	— интонацияның тазалығы; — вокалдық-ансамбльдік дағдыларды меңгеру деңгейі; — ансамбльдік орындаудың техникалық мүмкіндіктері (көпдауыстылық); — сахналық мәдениет, артистизм; — көркем образды ашу; — вокалдық ансамбльдің орындаушылық және шығармашылық даралығы; — нөмірдің көркемдік қойылымы (костюмдер, реквизит), орындау барысындағы қозғалыс, заманауи музыкалық безендіру және орындаудың өзіндік, ерекше мәнері ескеріледі. Таңдалған репертуар қатысушылардың жас ерекшелік санаттарына толық сәйкес келуі тиіс!

	<i>Дуэт, трио және квартет ансамбльдерден бөлек бағаланады.</i> <i>Ережелер бұзылған жағдайда, байқау комиссиясы конкурс нөмірін дисквалификациялау құқығын өзіне қалдырады.</i> <i>Әділқазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.</i>	
Сипаттама	Халық әнін орындауда жасанды интеллектіні қолдану	Ұсынылатын құралдар:
Халық әнін орындауда жасанды интеллектіні қолдану Ұсынылатын ЖИ-құралдар «Халық әні» номинациясында жасанды интеллектіні қолдануға тыйым салынады, себебі бұл жанр тірі, аутентикалық орындауға, дәстүрлі вокалдық мәнерді, ұлттық дыбыстау ерекшелігін және мәдени мұраны жеткізуге негізделген.	ЖИ тек дайындық кезеңінде және көмекші құрал ретінде ғана рұқсат етіледі, атап айтқанда: — сахналық образ бен қозғалыс идеяларын әзірлеу.	— Canva (AI / Magic Design) — сахналық образды визуализациялау; — костюмдердің түстік гаммасын таңдау. — Midjourney / DALL·E — костюмдер мен сахна бейнелерін генерациялау; — стилистикалық шешімдерді іздеу (нақты мәдени үлгілерді көшірмей). — Notion AI — репетицияларды жоспарлау; — сахналық қозғалыс пен номер сценарийін құрылымдау.
Сипаттама	Эстрадалық ән айтуда жасанды интеллектіні қолдану	Ұсынылатын ЖИ-құралдар
Вокалдық ұжымнан көпдауыстылықты немесе номердің визуалдық шешімін безендіруге технологиялар	1. Вокалдық партияларға көпдауысты гармониялар генерациялау, бұл ансамбльге күрделі заманауи үндестіктерді орындауға мүмкіндік береді; 2. Дауыстың биіктігі мен қаттылығына әсер ететін динамикалық фонды	1. ChatGPT немесе Claude — әннің поэтикалық мәтінімен жұмыс істеу үшін; 2. Suno AI — аспаптық негіз (минусовка) жасау үшін; 3. Landr — ансамбльдің

қолданылған авторлық композиция талап етіледі.	генерациялау арқылы визуалды шоу жасау; 3. Авторлық мәтін мен музыканы жазу кезінде рифма таңдауға немесе баланың дауыс тембріне сай әуен сызығын генерациялауға көмектесу; 4. Аранжировка, бэк-вокал, фонограмма жасау барысында ЖИ қолдану; 5. Сахналық образ, визуалдық сүйемелдеу және бейне контент әзірлеу.	дыбыстық жолдарын өңдеу және мастеринг жасау үшін; 4. Adobe Express — шоуға арналған графикалық және бейне элементтерді жылдам жасау үшін.
---	---	--

ЖАНР: «ХОРМЕН ӘН АЙТУ»

Жауапты хатшы: Камзина Гульнур Аманжоловна – Роза Бағланова атындағы №2 Балалар музыка мектебінің директордың міндетін атқарушы, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары, тел. 21–70–73

Өтетін орны: М.Өтемісов атындағы Оқушылар сарайы, Ә.Мамбетов көшесі, 1

Өтетін күні: 2026 жылғы 6 сәуір, сағат 9:30

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийлері
«Хормен ән айту»	Әр білім беру ұйымынан бір ғана хор ұжымы қатыса алады. Құрамы: 24 адамнан кем емес, 35 адамнан аспауы тиіс Жас санаттары: 8–11 жас 12–14 жас 15 жас және одан жоғары Орындауға қойылатын талаптар: Бір музыкалық шығарма орындалады 8–11 жас – унисон, екі дауыстылық элементтерімен 12–14 жас – екі дауысты орындау 15 жас және одан жоғары – үш дауыстылық элементтері бар екі дауысты орындау Сахналық бейнені жасауда жасанды интеллектіні қолдану құпталады: костюм үлгісінен бастап LED-экрандағы визуалды сүйемелдеуге дейін.	– интонацияның тазалығы, дыбыстың үйлесімділігі, ансамбль, вокалдық-хорлық дағдыларды меңгеруі, дикция; – сахналық мәдениет, әртістілік; – хор ұжымының орындаушылық және шығармашылық даралығы; – репертуардың орындаушылық мүмкіндіктерге және жас ерекшелігіне сәйкестігі; – ұжымның жетекшімен өзара әрекеттестігі; – минусовканың сапасы + жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып дайындалған бейнемазмұн (аранжировка, бейне жасау, костюм дизайны).
ЕСКЕРТУ		
Сипаттама	ЖИ қолдану	Ұсынылатын ЖИ құралдары
Хор ұжымы технологиялар арқылы дыбыстық әсер мен визуалды қабылдауды күшейтетін ауқымды медиа-жоба ретінде қарастырылады.	1) Хор орындауына сүйемел болатын, кеңістіктік дыбыс әсерін қалыптастыратын арнайы эффекттер мен дыбыстық ландшафттар әзірлеу. 2) Әннің мағынасын ашатын цифрлық афишалар мен бейнепроекциялар жасау арқылы визуалды жобалау. 3) Сахналық пен визуалды бейне қалыптастыру (бейнеролик немесе көркем образ дайындау).	1. Suno, Udio — хорға арналған оркестрлік аранжировкалар жасауға арналған бағдарламалар 2. Gemini, Grok, Higgsfield, Canva Magic Design — хордың тұжырымдамасы мен визуалды материалдарын безендіруге арналған құралдар

ЖАНР: ХОРЕОГРАФИЯ

Жауапты хатшы: Айтжанова Ольга Александровна – Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайының педагог- ұйымдастырушысы, тел.32-49-28

Өткізілетін орны: Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы, Ө. Мәмбетов көшесі, 1

Өткізілетін күні: 7-8 сәуір 2026 жыл.

Ескерту:

– **ЖИ-ді қолдану:** ЖИ сахналық имиджді әзірлеуге көмектесуі, яғни костюм дизайнын

ойлап табу; хореографияның бір бөлігі болып табылатын және/немесе қатысушылардың қозғалыс ырғағымен синхрондалған атмосфералық бейнетүсірілім

жасау; нөмірге арналған хореографиялық элементтерді әзірлеу

- Білім беру ұйымынан «хореография» жанры бойынша бір жетекшінің әртүрлі жастағы екі шығармашылық ұжымының қатысуына рұқсат етіледі. Әр ұйымнан екі өтінімнен артық қабылданбайды. Егер ұйымда екі хореограф жұмыс істесе, олардың әрқайсысы байқауға әртүрлі жастағы екі құрамнан ұсына алады.

- Хореографиялық ұжымның құрамы **12 адамнан кем және 24 адамнан артық болмауы тиіс.**

- Ансамбль өтінімде көрсетілген жас санатына сәйкес келмейтін балалар қатыстырылған нөмірлер бағаланбайды. **Егер бұл жағдай өнер көрсету барысында анықталып, тіпті өтінім ұйымдастыру комитеті тарапынан қабылданған жағдайда да.**

Номинация	Талап	«Хореография» жанры бойынша жалпы бағалау критерийі
Халық биі /ансамбль/	Халық биі – (халықтық хореография негізінде құрылған би) «Халық биі» номинациясы бойынша музыкалық материал халық аспаптарымен сүйемелденіп, мәтінсіз болуы тиіс! Қазақстан халқы этномәдени бірлестігінің билерін орындау ұсынылады. Әр би қойылымның ұзақтығы 4 минуттан аспауы қажет.	USB-жинақтаушыда сол күні ұжым орындайтын нөмірдің фонограммасы ғана болуы тиіс, жазба .mp3 форматында болуы қажет. Бағалау критерийі – 10 балдық жүйе. Орындау техникасы. Хореографиялық

	Жас ерекшелік санаты таңдау бойынша: 7 – 9 жас; 10 – 12 жас; 13 – 15 жас; 16 жас және жоғары Ұжым құрамы: 12-24 бала Қатысушылар бір нөмір негізінде бағаланады. Сахналық образды жасауда жасанды интеллектіні қолдану құпталады: костюмнен бастап LED-экрандағы визуалдық сүйемелдеуге дейін. Цифрлық бейнелер мен жарықтық метаморфозалар бидің сипатын нәзік айқындап, оның әсерлігін күшейтіп, қойылымды қозғалыс, жарық пен технология бір ырғақта үндесетін тұтас көркемдік туындыға айналдыра алады.	шығармадағы негізгі ойды білдіру үшін қозғалыстарды рационалды және дұрыс пайдалану. Қозғалыстардың таңдалған би стиліне сәйкестігі. -Күрделілік деңгейі (қойылымда күрделі элементтер қолданылғаны және қатысушылардың оларды орындау шеберлігі).
Халықтық стильдегі би	Халық биінің сахналық интерпретациясы, классикалық және заманауи би элементтерімен үйлестірілуі мүмкін. Костюмдер – стилді нұсқада, музыкалық материал оркестрлік немесе эстрадалық өңдеуде ұсынылады. Өнер көрсету ұзақтығы 4 минуттан аспауы тиіс. Жас ерекшелік санаты таңдау бойынша: 7–9 жас, 10–12 жас, 13–15 жас, 16 жас және одан жоғары. Құрамы: 12–24 адам. Қатысушылар бір нөмір бойынша бағаланады. Сахналық образды жасауда жасанды интеллектіні қолдану құпталады: костюмнен бастап LED-экрандағы визуалды сүйемелдеуге дейін. Цифрлық бейнелер мен жарықтық метаморфозалар бидің сипатын нәзік айқындап, оның әсерлігін күшейтіп, қойылымды қозғалыс, жарық және технология бір ырғақта үндесетін тұтас көркемдік туындыға айналдыра алады.	-Түпнұсқалық (бірегей идеялар, стандартты емес тәсілдер және жаңашыл шешімдер, олар нөмірді басқалардан ерекшелейді). -Музыкалылық (ырғақтылық, музыканы би арқылы дұрыс көрсету, мықты және әлсіз ырғақ бөліктерін айқындау шеберлігі). -Синхрондылық Орындау шеберлігі(қозғалыстың көлемі мен сапасы, қимылдың нақтылығы мен үйлесімі)
Эстрадалық би	Эстрадалық би (шоу-нөмірлер, джаз биі, сюжеттік нөмірлер, балалар биі) Өнер көрсету ұзақтығы 4 минуттан аспауы тиіс. Жас ерекшелік санаты таңдау бойынша: 7–9 жас, 10–12 жас, 13–15 жас, 16 жас және одан жоғары. Құрамы: 12–24 адам.	- Би қойылымының қатысушылардың жасына сәйкестігі -Композиция (бидің құрылымы). Алаңдағы қозғалыс, соның ішінде топтағы бишілердің үйлесімді орын

	Қатысушылар бір нөмір бойынша бағаланады. Сахналық образды жасауда жасанды интеллектіні қолдану құпталады: костюмнен бастап LED-экрандағы визуалды сүйемелдеуге дейін. Цифрлық бейнелер мен жарық эффектілері бидің сипатын нәзік айқындап, оның әсерлігін күшейтіп, қойылымды қозғалыс, жарық және технология бір ырғақта үндесетін тұтас көркемдік туындыға айналдыра алады.	ауыстырулары. -Имидж: көрерменмен байланыс, реквизитті пайдалану, әртістік қабілет (таңдалған образға икемделу шеберлігі), қозғалыстардың эстетикалық нормаларға сәйкестігі, макияж, шаш үлгісі, костюм. -Өзін-өзі көрсету: биге толық ену сезімі, эмоционалды, энергиялы және еркін би билеу. - сахналық тағзым, сахнадан шығу әдебі. -Фонограмма сапасы
Заманауи биі	Заманауи ти (модерн биі, Contemporary, деми-классика, степ Фристайл, экспериментальдық хореография формалары және т.б.) Музыкалық материалда мәтін болуы мүмкін, бірақ орынсыз сөздерге қатаң тыйым салынады. Өнер көрсету ұзақтығы 4 минуттан аспауы тиіс. Жас ерекшелік санаты таңдау бойынша: 7–9 жас, 10–12 жас, 13–15 жас, 16 жас және одан жоғары. Құрамы: 12–24 адам. Қатысушылар бір нөмір бойынша бағаланады. Сахналық образды жасауда жасанды интеллектіні қолдану құпталады: костюмнен бастап LED-экрандағы визуалды сүйемелдеуге дейін. Цифрлық бейнелер мен жарықтық метаморфозалар бидің сипатын нәзік айқындап, оның әсерлігін күшейтіп, қойылымды қозғалыс, жарық және технология бір ырғақта үндесетін тұтас көркемдік туындыға айналдыра алады.	
4)Көше стилі. "Street dance"	Street dance - locking, popping, break dance, house, hip-hop, funk, dubstep, dancehall, waking Музыкалық материалда мәтін болуы мүмкін, бірақ орынсыз сөздерге қатаң тыйым салынады. Өнер көрсету ұзақтығы 4 минуттан аспауы тиіс. Жас ерекшелік санаты таңдау бойынша: 7–9 жас, 10–12 жас, 13–15 жас, 16 жас және одан жоғары.	

	Құрамы: 12–24 адам. Қатысушылар бір нөмір бойынша бағаланады. Сахналық образды жасауда жасанды интеллектіні қолдану құпталады: костюмнен бастап LED-экрандағы визуалды сүйемелдеуге дейін. Цифрлық бейнелер мен жарықтық метаморфозалар бидің сипатын нәзік айқындап, оның әсерлігін күшейтіп, қойылымды қозғалыс, жарық және технология бір ырғақта үндесетін тұтас көркемдік туындыға айналдыра алады.	
ЕСКЕРТУ		
Сипаттама	ЖИ Қолдану	Ұсынылатын ЖИ құралдар
Би нөмірі міндетті түрде сандық концепция элементтерін қамтуы тиіс, ал қозғалыстар бишілердің физикалық еңбегінің нәтижесі болып қалады. .	1.Сахналық имиджді әзірлеу, мұнда жасанды интеллект костюм дизайнын ойлап табуға көмектеседі. 2.Атмосфералық бейне түсірілім жасау, ол хореографияның бір бөлігі болып табылады және/немесе қатысушылардың қозғалыс ырғағымен үйлесімділігі. 3. Нөмірге арналған хореография элементтерін әзірлеу. 4. Жасанды интеллектіні қолдану орындаушының шығармашылық қатысуын алмастыруға болмайды, ол нөмірдің көркемдік бейнесін күшейтетін қосымша құрал ретінде қызмет етуі тиіс. 5. Қатысушы (немесе педагог) байқауға өтінімде жасанды интеллектіні қолданғанын қысқаша түрде көрсетуі тиіс.	1.Kaiber – бидің музыкасына сәйкес стилизацияланған бейнефондарды генерациялау. 2.Move AI – қозғалыстарды талдау және олардың негізінде жарықтық ізі эффектілерін жасау

ЖАНР: БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Жауапты хатшы: Исенова Гүлзия Жағыпарқызы, Астана қ. ЮНЕСКО БКМ-клубы директорының орынбасары, тел. 98 50 47

Өтетін орны: ДХШ (№18 ОМ), Бөгенбай батыр к-сі, 17

Өткізу күні: 02.04.2026 ж.

Кіші және орта жас санаты: 8-11, 12-14 жас 09.00-ден 12.00-ге дейін.

15 жас және одан жоғары сағат 14.00-ден 17.00-ге дейін.

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийлері
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ	8-11, 12-14, 15 және одан жоғары таңдау бойынша жас санатындағы білім беру ұйымынан 1 қатысушы Үй тапсырмасы жоқ. Қорытынды байқау жұмысы байқау өткізілетін күні орындалады. Орындау техникасы: майдан басқа кез келген. Тапсырманың тақырыбы байқаукүні жарияланады. Байқауы жұмыс үшін барлық қажетті материалдарды өзіңізбен бірге алып келіңіз. Материалдар берілмейді. Байқаудағы жұмыс форматы қағаз-А3	Дизайнның өзіндік ерекшелігі, орындаудың шеберлігі мен көркемдігі, берілген тақырып пен форматқа сәйкестігі.
Сипаттама	ЖИ қолдану	Ұсынылған ЖИ құралдары
Бала негізгі жұмысты қағазға өзі салады, содан кейін оған сандық өмір беру үшін AI қолданады.	1. Кейіпкерлер мен ортаның анимациясы – бұл қозғалыстағы нысандармен қысқаша мультфильм жасау. 2. Жасанды интеллект физикалық сызбаға қосымша жарық, текстура немесе эффект қабаттарын салатын стильдің сандық интерпретациясы.	1. Боялған кейіпкерлерді қарапайым өмірге келтіру үшін анимациялық сызбалар. 2. Сурет элементтерін кәсіби анимациялау үшін runway Gen-2 немесе Luma. 3. Grok (Кез келген басқа AI құралдарын да қолдануға болады)
Ескертпе: байқау жұмыстары жұмысты аяқтағаннан кейін бірден жергілікті жерлерде түспен суретке түсірілуі тиіс. Жасанды интеллект сол күні жасалады және DHSN поштасына жіберіледі. Дайын жұмысты Google Drive қа жүктеп сілтемені жіберу керек dhshastana@mail.ru Баланың аты-жөні, жасы, мектебі, байланыс телефоны және қолданылатын ЖИ құралының атауы көрсетілу қажет.		

ЖАНР: ФОТОСУРЕТ

Жауапты хатшы: Алтынбаева Эльмира Букенбаевна - Астана қаласы Техникалық және көркем шығармашылық орталығының директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тел. 87025681000

Место проведения: Теміржолшылар кенті, .Ж.Жабаев көшесі 14 «Білім парк»

Өткізілу күні: жанр «Фотосурет 02.04. 2026 жыл.

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийлері
	Жас ерекшелік санаттары: 8–11 жас, 12–14 жас, 15 жас және одан жоғары (қатысушы тек бір жас санатын тандайды) Сурет жоғары сапалы, сығылмаған, кәсіби техникамен түсірілуі тиіс Ажыратымдылығы: 12–24 мегапиксель (мысалы: 4000×6000 нүкте = 24 мегапиксель) Файл форматы: JPG, көлемі 5 МБ және одан жоғары Конкурстық фотосурет өлшемі: 20×30 см (А4) Фотосурет конкурс күні, сол күні ұйымдастыру комитеті белгілеген тақырып бойынша түсіріледі Бұл номинацияда үй Тапсырмасы қарастырылмайды Жасанды интеллектіні қолдану Цифрландыру жылы аясында жасанды интеллект элементтерін тек қосымша құрал ретінде шектеулі қолдануға рұқсат етіледі. ☐ Рұқсат етіледі: жарықты түзету, түстік коррекция, айқындықты арттыру, цифрлық шуды азайту ☐ Тыйым салынады: жасанды интеллект арқылы толықтай генерацияланған суреттер фотосурет мазмұнын өзгерту объектілерді қосу немесе алып тастау, фонды толық ауыстыру Қазылар алқасының талабы бойынша қатысушы фотосуреттің түпнұсқа файлын ұсынуға міндетті.	Бағалау критерийлері: идеяның түпнұсқалығы композициялық шешім (алдыңғы және артқы жоспар) жарық пен түстік гаммамен жұмыс орындау шеберлігі мен көркемдік деңгейі берілген тақырыпқа сәйкестігі

Описание	Применение ИИ	Рекомендуемые ИИ-инструменты
Сипаттама	Жасанды интеллектіні қолдану	Ұсынылатын ЖИ-құралдар
Конкурстық жұмыс конкурс күні қатысушының өзі түсірген нақты авторлық фотосуретке негізделуі тиіс. Жасанды интеллектіні қолдану фотосуреттің мазмұнын өзгертуге әкелмеуі керек. Жасанды интеллектіні қолданудың мақсаты — авторлық идея мен бейненің шынайылығын сақтай отырып, фотосуреттің техникалық сапасын арттыру.	Жасанды интеллектіні қолдануға тек техникалық постөңдеу мақсатында, композиция мен мағыналық жүктемені өзгертпей ғана рұқсат етіледі. Рұқсат етілетін өңдеулер: - жарық пен экспозицияны түзету - түстік коррекция - айқындықты арттыру - цифрлық шуды азайту Жасанды интеллектіні қолдану фотографияны цифрлық иллюстрациямен немесе генерацияланған бейнемен алмастырмауы тиіс. Параметрлерді автоматты түрде оңтайландыруға рұқсат етіледі, бірақ объектілерді қосуға немесе алып тастауға болмайды. Жасанды интеллект тек соңғы өңдеу кезеңінде қолданылады, бастапқы файл өзгеріссіз сақталады.	• Adobe Photoshop (Neural Filters – базалық) • Adobe Lightroom • Adobe Lightroom (AI tools), Photoshop Camera RAW • Adobe Photoshop (Generative Fill қолданбай), Topaz Photo AI • Өңдеу тарихын көрсету мүмкіндігі бар кез келген редактор

ЖАНР: ТЕАТР ӨНЕРІ

Жауапты хатшы: Жумабаева Гулшат Дуйсенбаевна – «Өнер мектебі №2»ШЖҚ МКК, директордың тәрбие ісі орынбасары; тел.26-62-47

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігінің «Тапум» көпфункционалды кешені» ШЖҚ МКК, көшесі: Қ.Мұхамедханова 26

Өткізілу уақыты: 2 сәуір - Үлкен және орта топ - сағ:9.00 – 18.00

3 сәуір - Кіші топ - сағ:9.00 -18.00

Номинация	Талаптар	Бағалау критерийі
Әдеби-музыкалық композиция	Композиция ұзақтығы 10 минуттан артық болмауы тиіс! Өтініште өнер көрсету уақытын және шағын аннотация беруіңіз керек. Қатысушылар саны 5-10 адам, Таңдау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары. Әдеби-музыкалық композиция – акындық сөздің(поэзия, проза, публицистика) үйлесімі мен синтезі және музыка мен пластика негізінде режиссердің құруымен туындайтын өзіндік көркемтуынды	Драматургиялық материалдың көркемдік құндылығы, қойылымның тұтастығы (ойдың берілуі, бірлігі, формасы және мазмұндылығы), актерлік деңгейі, ойдың үндестігі, безендіру құралдары арқылы шығарманың стилі (декорация, музыка, костюм) спектакльді көрсетудегі жалпы мәдениет, қойылымның жас санатына сәйкес келуі, шығармашылық мүмкіндіктер, спектакльдің режиссерлік деңгейі. Сахнаны жауып тұратын, орналастыруы уақыт алатын үлкен декорациялар қолдануға болмайды.
Театралдық қойылымнан үзінді Драма жанры	Композиция ұзақтығы 10 минуттан артық болмауы тиіс! Өтініште өнер көрсету уақытын және шағын аннотация беруіңіз керек. Қатысушылар саны 5-10 адам, Таңдау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары. Театралдық қойылым – драмалық және музыка-драмалық туындының (пьеса, ертегі, повесть, роман, әңгіме, т.б.) негізінде құралған логикалық бастауы мен аяқталуы бар, ортақ ой мен нақты атауы бар театр өнерінің туындысы.	
Комедия және мюзикл жанры	Композиция ұзақтығы 10 минуттан артық болмауы тиіс! Өтініште өнер көрсету уақытын және шағын аннотация беруіңіз керек. Қатысушылар саны 5-10 адам, Таңдау бойынша жас ерекшелігі: 8-11, 12-14, 15 және одан жоғары. Комедия-бұл әзіл-оспақ немесе сатиралық тәсілдермен сипатталатын көркем	

	шығарманың жанры. Мюзикл -музыкалық, драмалық, хореографиялық және опера өнерін үйлестіретін музыкалық-театрлық сахналық жанр, шығарма және қойылым.	
Жасанды интеллектіні (ЖИ) Театр номинациясы ережесі Биылғы жыл – Жасанды интеллект жылы. Осыған байланысты барлық білім ұйымдарының сахналық қойылымдарында ЖИ мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады. Қатысушылар авторлық қойылымдарын ұсынады. Қойылым кезінде технологиялар мен ЖИ құралдары: - драматургиялық идеяны дамытуға және сценарийді толықтыруға; - кейіпкерлердің мінезін ашуға, диалогтарды дамытуға; - сахналық эффект, музыка, фон, бейнематериал жасауға; - қойылым атмосферасын әсерлі жеткізуге қолданылуы мүмкін, бірақ олар қойылымның жалпы ережесіне қайшы келмеуі тиіс. Қатысушылар қолданылған ЖИ құралдары туралы қысқаша ақпаратты ұйымдастырушыларға ұсынуы қажет. Ескерту: ЖИ тек шығармашылықты байыту үшін, қойылымның негізгі мазмұны мен көркемдік тұтастығына кедергі келтірмейтіндей қолданылуы керек. Қолдану шектеуі - ЖИ тек қойылым барысында қажет жерлерде пайдаланылады. - ЖИ қолдану қойылымның жалпы ережесіне қайшы келмеуі тиіс. - Қойылымның негізгі мазмұны, кейіпкерлері, көркемдік тұтастығы ЖИ арқылы өзгертілмеуі керек. Қолдануға болатын құралдар (мысал) Сценарий, мәтін: ChatGPT, Claude, Gemini Дауыс, дыбыс: ElevenLabs, Voice.ai Музыка, фон: Suno AI, AIVA, Soundraw Видео, монтаж, эффект: CapCut, Runway ML, Adobe Premiere Pro Сахналық фон, сурет: Canva, DALL·E, Leonardo AI Проекция арқылы сахнаға әртүрлі көріністерді «тірілтуге» болады: Мыс: орман, ғарыш, қала, ертегі әлемі т.б Экран, LED, проектор арқылы ЖИ жасаған бейнелер көрсетіледі. Қымбат декорацияның орнына цифрлық көрініс пайдалануға болады.		

Ескерту:

Байқау кезінде **бір** командамен тек **2** жетекшінің ғана келуіне рұқсат етіледі. Ата-аналардың байқау барысында көрермен ретінде қатысуына, сондай-ақ басқа да артық адамдардың келуіне рұқсат етілмейді.

Қойылым бекітілген регламенттен аспауы тиіс.

Байқау талаптары:

1. Өтініште қойылымның жанры нақты әрі дұрыс көрсетілуі керек.
2. Қойылым уақыты регламентке толық сәйкес болуы тиіс.
3. Декорациялар мобилді болуы қажет (ықшамды, жеңіл, тез жиналатын).

4. Өндердің **плюс нұсқаларын қолдануға тыйым салынады**. Балалар шығарманы **жанды дауыста** орындауы керек.
5. **Грим міндетті емес**. Мүмкіндік болған жағдайда жеңіл грим жасауға рұқсат етіледі, алайда **фломастермен немесе маркермен бет бояуға болмайды**.
6. Таңдалған шығармалар мен қойылымдар **балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы қажет**.
7. Қойылым мазмұны **әдеп нормаларына сай**, тәрбиелік мәні бар болуы тиіс.
8. Музыкалық сүйемелдеу мен дыбыс сапасы **қойылымға кедергі келтірмеуі керек**.
9. Костюмдер **оқушы жасына сай, ұқыпты әрі қауіпсіз** болуы тиіс.

**қалалық шығармашылық байқауының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Номинациялар бойынша байқау бағдарламасы	Өтетін орны:
1-КҮН 2 сәуір /бейсенбі/	
АСПАП /соло (Классикалық аспаптар)	№3 балалар музыка мектебі (Бейсекбаев көш. 3/1)
АСПАП/ ансамбль	Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы (Б. Момышұлы даңғылы, 5)
БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ	Балалар көркем мектебі (№18 орта мектеп)
ФОТОСУРЕТ	Теміржолшылар кенті, Ж. Жабаев көшесі 14 «Білім парк»
ВОКАЛ/соло	№1 балалар музыка мектебі (Желтоқсан к-сі, 36)
ВОКАЛ/ансамбль	Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы (Б. Момышұлы даңғылы, 5)
ТЕАТР/жоғары және орта топтар	«TANYM» көпфункционалды кешені
II- КҮН 3 сәуір /жұма/	
АСПАПТЫҚ /соло (Халық аспаптары)	№3 балалар музыка мектебі (Бейсекбаев көш. 3/1)
ВОКАЛ/Соло	№1 балалар музыка мектебі (Желтоқсан к-сі, 36)
ТЕАТР/кіші топ	«TANYM» көпфункционалды кешені
III- КҮН 6 сәуір /дүйсенбі/	

ХОР	«Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы» ШЖҚ МКК, Ө.Мәмбетов көшесі, 1-үй
IV- КҮН 7 сәуір /сейсенбі/	
ХОРЕОГРАФИЯ	«Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайы» ШЖҚ МКК, Ө. Мәмбетов көшесі, 1-үй
V КҮН 8 сәуір /сәрсенбі/	
ХОРЕОГРАФИЯ	«Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы» ШЖҚ МКК, Ө.Мәмбетов көшесі, 1-үй
VI-VII КҮН 9–10 сәуір /бейсенбі, жұма/	
ДИПЛОМ, ҚОЛА, КҮМІС ЖӘНЕ АЛТЫН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ	Жанрлар өтетін орындарында
11-19 сәуір	
Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайында Гала-концертке дайындық	
20-21 СӘУІР	
«Шаттық-2026» балалар мен жасөспірімдер арасындағы қалалық шығармашылық байқауының Гала-концерті	«Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы» РМҚК